

Нурлаби Айнур Ермекқызының 6В080700- «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Солтүстік-Шығыс Қазақстан орман экожүйесіндегі *Pinus sylvestris* L. және *Betula pendula* Roth. микоризалары» атты докторлық диссертацияна

ШКІР

Қазақстанда жалпы табиғатты қорғау немесе биоалуантүрлілікті сақтау мәселесі 1992 жылы Қазақстанның “РИО-92” конференциясында қол қоюына байланысты, Қазақстан Республикасының “Биоалуантүрлілік туралы” БҰҰ конвенциясын 1994 жылы Қазақстан өзінің бай биологиялық әртүрлілігін сақтауға, жаңғыртуға және тұрақты пайдалануға бағытталған халықаралық міндеттемелерді қолға алды. Осы конвенция нәтижесінде қорықтар, қорықшалар, резерваттар табиғи саябақтар пайда болды. Биологиялық алуантүрлілікті сақтаудың тиімді тәсілдерінің бірі ерекше қорғалатын табиғи аймақтар (ЕҚТА) жүйесі дами бастады. “Ертіс орманы” және “Семей орманы” мемлекеттік табиғи резерваттарының құрылуының мақсаты: ерекше қорғалатын табиғи аймақтарының және сирек кездесетін, жойылып бара жатқан түрлер мен экожүйелердің құлдырау үрдістерін тоқтату, биологиялық қорларды пайдалануды тұрақты ету болып табылады.

“Ертіс орманы” резерватының орман экожүйелеріндегі биоалуантүрлілік осы аймақтағы табиғи ресурстарды зерттеу және сақтау үшін маңызды тақырып болып табылады.

Алайда, басқа табиғи қорықтар сияқты, Ертіс ормандары да ағаштарды заңсыз кесу, қоршаған ортаның ластануы және климаттың өзгеруі сияқты бірқатар қауіптерге тап болады. Сондықтан резерваттың бірегей биоалуантүрлілігін сақтау үшін оның ресурстарын қорғау және тұрақты пайдалану жөніндегі шараларды дайындау және іске асыру өзекті мәселе болып табылады.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы «Ертіс орманы» резерватында анықталған макромицеттерінің тізімі жалпы осы ауданның микобиотасы туралы ақпарат береді. Сонымен қатар, эктомикоризалық саңырауқұлақтарын қазіргі заманауи әдістері қолданылған.

Зерттеу жұмысы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті КеАҚ мен «Ертіс орманы резерваты» МОТР арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандум негізінде жүргізілді. «Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстанның негізгі орман түзуші ағаштарының микоризалық макромицеттері және сүректі орман тұқымдастарының сеппелерін жасанды микориздеу үшін оларды пайдалану» атты жобасы негізінде орындалды.

А.Е. Нурлаби зерттеулерін маршруттық, стационарлық, зертханалық тәжірибелер арқылы жүргізді. Зерттеу жұмыстары Солтүстік-Шығыс Қазақстан облысында орналасқан резерват «Ертіс орманы» болып табылады. Негізгі орман құраушы ағаштары *Pinus sylvestris* L. және *Betula pendula* Roth.

жатады. Бұл зерттеудің бағыты орман экожүйелеріндегі кәдімгі қарағай және қотыр қайыңның өсу динамикасына және биологиялық алуантүрлілігіне микоризалардың әсерін зерттеу болды.

Ізденуші зерттеулердің негізінде төмендегідей эксперименттік деректер алды:

- Ертіс орманы резерватындағы аумақтарда таралған кәдімгі қарағай және қотыр қайың ағаштарымен микориза құратын макромицеттердің түрлік тізімі анықталды.

- Микоризаның жер асты тамыр жүйесіндеі морфотиптік алуантүрлілігі сипатталды.

- *Pinus sylvestris* L. және *Betula pendula* Roth. эктомикоризалардың түрлік сәйкестігін ДНҚ арқылы идентификациялау қарастырылды.

- Зерттеу нәтижелеріне нақты қортындылар жасап, өндіріске ұсыныстар берілді.

Диссертация 6D080700-Орман ресурстары және орман шаруашылығы мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған және қойылатын талаптарға сай орындалған.

Жүргізілген ғылыми зерттеулердің негізгі қағидаларының нәтижелері мен қорытындылары бойынша 15 ғылыми мақалалар жарық көрді, олардың ішінде - 3 мақала Scopus базалық деректері бойынша халықаралық ғылыми басылымдарда, 4 мақала ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда; 3 мақала шетелдік басылымдарда, 5 мақала халықаралық ғылыми-конференция материалдарында жарияланды.

Жалпы А.Е.Нурлаби «Солтүстік-шығыс Қазақстан орман экожүйелерінде *Pinus sylvestris* L. және *Betula pendula* Roth. микоризалары» атты тақырыбына жазған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының ғылым және жоғарғы білім Министрлігінің ғылым және жоғарғы білім саласындағы бақылау Комитетінің докторлық диссертацияға қойылатын талаптарына сай және 6D080700-Орман ресурстары және орман шаруашылығы мамандығы бойынша қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми жетекшісі, а.ш.ғ.

докторы, профессор

Д.Н. Сарсекованың қойған қолын куәландырамын

Д.Н.Сарсекова

Ғылыми хатшы

